

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки  
Республики Казахстан**



Қарағанды қ.

2017 жылғы 3-4 қараша

**Баспасөз хабарламасы**

**Қарағанды қаласында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам»  
Республикалық инновациялық идеялар байқауы өткізіледі**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Республикалық инновациялық идеялар байқауын Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырып өткізеді.

Қарағанды қаласында өткізілетін республикалық байқауға облыстардың, Астана және Алматы қалалық, өңірлік жарыстардың жеңімпаздары қатысады.

Жарыстың мақсаты: білім алушыларға ғылым мен техниканың әр түрлі облысындағы, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру.

Байқауға облыстардың Алматы және Астана қалаларының өңірлік байқау кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады.

Қатысушыларға зерттеулер мен өнертабыстар саласында өздерінің тәжірибелерін көрсетуге мүмкіндіктер беріледі. Байқауды өткізу – ғылыми-техникалық шығармашылық және аналитикалық ойлауды одан әрі дамытуға, жас техниктерді зерттеу және өнертапқыштық қызметіне тарту, түрлі білім беру ұйымдарынан білім алушылардың, педагогтердің тәжірибемен алмасуы және өзара іс-қимылы үшін жағдай жасауға бағытталған.

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан  
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

*E-mail: [pressa@edu.gov.kz](mailto:pressa@edu.gov.kz)*

Оқушылардың көбісін инженерлік және өнертапқыштық білім таңдауға ынталандырумен қамтамасыз етілетін болады. Мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының базасында оқушылардың шығармашылық және креативті қабілеттерін жүйелі дамыту, жас өнертапқыштардың кәсіптік даярлаудың мүмкіндіктері кеңейеді.

Жарыс қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі, ал жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондармен хабарласуға болады: +7 (7172) 72-98-99; e-mail: [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru)